

Қазақстан тарихы

§43-44. ХІХ ғасырдағы мәдениеттің дамуы.

Көптеген ғасырлар бойы қазақ халқының өзіндік бірегей әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері қалыптасты. Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері отбасылық құндылықты сақтауда және түрлі қоғамдық қарым-қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

Қазақстан тарихы

Алтыншы бөлім

Бүгінгі сабағымызда мәдениеттің даму барысын, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың маңызын анықтаймыз. Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретіндегі құндылықтарын бағалаймыз. ХІХ ғасырдағы қазақ мәдениетінің бір тармағы ретінде әйгілі суретшілердің туындыларымен танысамыз.

Оқу мақсаттары:

- 1.Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау;
- 2.Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;
- 3.Ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау

Суреттердегі салт-дәстүрге анықтама бер



Тарихи тұлғаларды таны



Тарихи тұлғаларды таны



Құрманғазы Сағырбайұлы
қазақтың ұлы күйші-композиторы.
Қазақтың аспапты музыка өнерінің
классигі. Төкпе күйдің атасы.



Тәттімбет Қазанғанұлы
күйші-композитор, домбырашы,
шертпе күй орындаушылық
мектебінің негізін қалаушылардың
бірі, халық күй өнерінің классигі.

Сабақтың маңызды ақпараты:



Дәулеткерей Шығайұлы



Бронислав Залесский



Бата беру – жақсы тілек білдіру.

Сері – сәнді киініп, салдық құратын өнерлі жігіт.



Дәулеткерей Шығайұлы (1820–1887) – сазгер-күйші, Кіші жүздің сұлтаны Шығайдың ұлы.

Бронислав Залесский (1820–1880) – поляк суретшісі. 1848–1849 жылдары А.И. Бутаков басқарған Арал экспедициясына суретші ретінде қатысқан. 1853 жылғы Ресей империясы әскерінің Ақмешітке (Қызылорда) жасаған жорығында да болған. Оның осы кездегі қазақтар жөнінде көлемді этнографиялық очеркі бар.

Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?

1.

2.

3.



1. «...Қазақ әншілерінің арасында әнді ғажап орындайтын талантты жандар бар. Олар әннің айтылу мәнері мен әсерін өздерінше күшейтіп жібере алады. Мұның өзі жай ғана ән салу емес, әнді нақышына келтіріп, артистік шеберлікпен орындау болып табылады. Қазақ халқы әндерін өңдеп, көркемдік қасиетін арттырудан жалығып көрген емес. Соның арқасында қазақ әндері өзінше бөлек, әсем болып келеді. Оның әуенін ести бастағаннан-ақ қазақтардың әлдебір өзіндік ғажайып ортасына еніп кеткендей сезінесің. Қазақ даласының бірде аптап ыстық ауасын, бірде жерінің ғажайып сұлу көрінісін көз алдыңа елестеткендей, тіпті дала өсімдіктерінің аңқыған хош иісін сезінгендей боласың...»

Потанин Г. Н. Үш томдық таңдамалы шығармалары. Павлодар, 2005, 3-том, 116-бет.



1. Г.Н. Потанин қазақтың әншілері мен сазгерлерін қалай сипаттаған?
2. Ғалымның қазақ әндеріне деген көзқарасы қандай?

Қазақ халқын әлем халқына
ғажап халық екенін танытып
тұрған ол біздің ұлттық
құндылықтарымыз, салт-дәстүр,
әдет-ғұрып пен мәдени
мұраларымыз. Қазақ халқының
салт-дәстүрлері өте көп. Суретте
олардың кейбір атаулары
берілген. Тағы қандай салт-
дәстүрлерді білесіз?

Қазақтың салт – дәстүрлерін көрсету



Қазақ халқының қонақжайлығы

Ресей зерттеушісі
Виктор фон Герн:

*“Жалпы алғанда,
қазақтар осы уақытқа
дейін жылы
жүзділігімен,
қайырымды
ақкөңілділігімен
және қонақжайлылық
қасиетімен
таңғалдырады”* деп
жазған



Қазақтарда үйіне келген кез келген адамға міндетті түрде тегін қонақасы беру, оған жайлы төсек-орын, салып, қондырып жіберу әдет-ғұрып ежелден орын алды.

Неміс зерттеушісі
Ф. фон

Хелльвальд:
*“Қырғыз-қайсақтар
(қазақтар) барынша
қонақжай мейірімді
болып келеді”* деп
жазған

Жасы үлкендерге құрмет көрсету

Дәстүрлі қазақ қоғамында жасы үлкен адамдарды құрметтеу рәсімі ежелден бар болатын. Ондай құрмет жасы үлкен кісінің қай рудан, қай жүзден, қай ұлттан екендігіне қарамай көрсетілетін.



Неміс зерттеушісі **Ф. фон Шварц:**
“Қырғыз-қайсақтарда барлық жасы үлкен, қандай тектен шыққанына қарамай, ерекше сый-құрметке бөленеді ” деп жазған

Бата беру



- Қазақтарда бата беру әдет-ғұрпы кеңінен етек алды. Ол әрбір іске кірісер алдында міндетті саналатын. Бата поэтикалық тілмен жалпы жұртқа қарап тұрып беріледі. Онда бата беруші адам езгелерге ізгі жақсылық, табыс тілейді. Батаны жасы үлкен адам немесе жолы үлкен қонақ беруі тиіс. Бата беруші Жаратушы Алладан бақытты өмір, материалдық байлық, әрбір істе табысты болуын тілейді.

Қазақтың поэтикалық өнері. Сал-серілер

Сал-сері - дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше өнерпаздықпен байланысты ұғым. Сал сөзінің этимологиясы серіктес жігіттерімен ауылға таяғанда әдейі аттан құлап, ауыл қыздары үйге көтеріп алып кіргенше сал болған адамша тырп етпей жата беретін іс-әрекеттен туындаған. Сал айрықша киімдерімен ерекшеленген.



ҚАЗАҚТЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ӨНЕРІ.



Ақан сері Қорамсаұлы
(1843-1913)

Оның бізге 40-тан астам әні жетті. Ақан серінің «Алтыбасар», «Сырымбет», «Мақпал», «Ақтоқты» әндері жан тебіренерлік әсерлі, сазды келеді. Ақан серінің әндерінде қоғамдық өмірдің әлеуметтік мәселелері, ел билеген әкімдердің озбырлық әрекеттері шебер бейнеленеді.



Біржан сал
Қожағұлұлы (1834-1897).

Біржанның әндерінде әділетсіз, сараң байлар мен болыстардың озбырлығы әшкереленеді. Ақын әйелдердің теңсіздігін жою жөнінде жар салды. Біржан салдың «Айбозым», «Ақ тентек», «Біржан сал», «Ғашығым», «Айтбай» т.б. 40-қа жуық әні бар.

Саяхатшылар мен зерттеушілер еңбектері



Тарас Шевченко

XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуде суреттер, фотоқұжаттар мен сызба деректердің маңызы зор. Ұлы Далада болған саяхатшылар мен зерттеушілер өз еңбектерінде қазақ халқының тарихы мен этнографиялық өміріне қатысты ғажайып фототуындылар қалдырды.

Солардың қатарында Т.У.Аткинсон, Г. Ю.Клапрот, Б.Залесский, А.Э.Брем, И. Кастанье, Л.З.Верещагин, Т.Шевченко т.б. бар.



Т. Шевченко. Қазақ қызы Катя

Тапсырма №1

Сәйкестендіру

Түсініктер	Анықтамалар	Сіздің жауабыңыз
Ән	Аспаптық-музыкалық шығарма	
Күй	Әуенмен айтылатын өлең	
Жыр	Ауыз әдебиетінің жанры	

Тапсырма №2

Атақты ақын, әнші, күйші, композиторлар туралы кестені толтырыңыз

Аты – жөні	Туған жері	Қалдырған мұралары
Біржан сал	Солтүстік Қазақстан	Айбозым, Ақ тентек, Ғашығым, Айтбай т.б
Жаяу Мұса Байжанұлы		
Ақан сері Қорамсаұлы		
Құрманғазы Сағырбайұлы		
Дәулеткерей Шығайұлы		
Тәттімбет Қазанғапұлы		
Ықылас Дүкенұлы		
Қазанғап Тілепбергенұлы		

Тапсырма №3

Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларын анықтап, төмендегі кесте бойынша бағалаңыз. Кем дегенде 3 деректі зерттеңіз

Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындысы	Пайда болу тарихы	Қандай ақпарат береді?
<i>Ақ сиса</i>		
<i>Бес төре</i>		
<i>Кішкентай</i>		

Тапсырма №4

Саяхатшылар мен зерттеушілер туралы кестені толтырыңыз

Аты – жөні	Қалдырған туындылары
Ағылшын саяхатшысы, суретші Т.У.Аткинсон	
	«Қырғыздардың /қазақтардың/ тұрмысы мен отбасы», «Дала көшпенділер – малшылар»
Орыс кескіндемешісі В.В. Верещагин	
	1865 жылы Парижде «Қазақ даласына саяхат» атты сурет альбомы баспадан шықты
Украина ақыны, суретші Т.Г. Шевченко	

Видеолар

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлері

<https://toibastar.kz/salt/salt-tizim/435-aza-salt-dstrlern-zhalpy-tzm.html>

2. Дәулеткерей Шығайұлы

https://kazakh tv.kz/kz/programms/viewArchive?id=17776&VideoArchive_page=3

3. Тарас Шевченко

<https://www.youtube.com/watch?v=lZcuTdi0S4s>

4. Жаяу Мұса “Ақ сиса”

<https://yandex.kz/video/search?text=%D0%B0%D2%9B%20%D1%81%D0%B8%D1%81%D0%B0%20%D0%B6%D0%B0%D1%8F%D1%83%20%D0%BC%D2%B1%D1%81%D0%B0&path=wizard&parent-reqid=1585491203927320>

Сілтемелер

1. Тұсау кесу

https://yandex.kz/images/search?pos=20&img_url=https%3A%2F%2Favatars.mds.yandex.net%2Fget-pdb%2F1813549%2F84150cde-9f5b-4dca-9015-61f04a19c011%2Fs1200&text=%D1%82%D2%B1%D1%81%D0%B0%D1%83+%D0%BA%D0%B5%D1%81%D1%83&rpt=simage&lr=29590

2. Бесікке салу

https://yandex.kz/images/search?p=1&text=%D1%81%D0%B0%D0%BB%D1%82-%D0%B4%D3%99%D1%81%D1%82%D2%AF%D1%80%D0%BB%D0%B5%D1%80+%D1%82%D2%AF%D1%80%D0%BB%D0%B5%D1%80%D1%96&pos=31&rpt=simage&img_url=https%3A%2F%2Fassembly.kz%2Fupload%2Fmedialibrary%2F55c%2F55c2e80a22ead08bd477f2afee3ef8af.JPG&lr=29590

3. Бата беру

https://yandex.kz/images/search?pos=8&img_url=https%3A%2F%2Favatars.mds.yandex.net%2Fget-pdb%2F1813549%2Fa9d791de-664b-447d-9503-7d2afd54e985%2Fs1200&text=%D0%B1%D0%B0%D1%82%D0%B0+%D0%B1%D0%B5%D1%80%D1%83&rpt=simage&lr=29590

4. Құрманғазы Сағырбайұлы

https://yandex.kz/images/search?pos=0&img_url=https%3A%2F%2Fsun957.userapi.com%2Fc543107%2Fv543107251%2F28bf0%2Fgfy9kLQvX8k.jpg&text=%D2%9B%D2%B1%D1%80%D0%BC%D0%B0%D0%BD%D2%93%D0%B0%D0%B7%D1%8B+%D1%81%D0%B0%D2%93%D1%8B%D1%80%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%B1%D0%BB%D1%8B&rpt=simage&lr=29590

5. Тәттімбет Қазанғапұлы

https://yandex.kz/images/search?pos=0&img_url=https%3A%2F%2Ftote.egemen.kz%2Fwpcontent%2Fuploads%2F2017%2F04%2F1491792770_article_b.jpg&text=%D1%82%D3%99%D1%82%D1%82%D1%96%D0%BC%D0%B1%D0%B5%D1%82+%D2%9B%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D0%BD%D2%93%D0%B0%D0%BF%D2%B1%D0%BB%D1%8B&rpt=simage&lr=29590